Әрекеттің (үдерістің, рәсімдердің, операцияның) атауы және олардың сипаттамасы	Құжаттарды қабылдау, тіркеу	Хат-хабармен танысу, жауапты маманды анықтау	Құжаттардың толықтығын тексеруді іске асырады, жеке қосалқы шаруашылықтың болуы туралы анықтаманы немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту жөнінде дәлелді жауап ресімдейді
Аяқтау нысаны (деректер, құжат, ұйымдық-басшылық шешімі) ету	Бұрыштама қою үшін құжаттарды уәкілетті органның басшысына жіберу	Бұрыштама қою, жауапты маманды тағайындау	Қол қою үшін құжаттарды уәкілетті органның басшысына беру
Орындау мерзімі	1 сағат	1 сағат	Тұтынушы уәкілетті органға өтініш берген кезде – мемлекеттік қызмет өтініш берген сәттен көрсетіледі. Тұтынушы Орталыққа

			өтініш берген кезде - 2 жұмыс күні ішінде
Келесі әрекеттің нөмірі	5	6	7
Негізгі үдерістің (жұмыстар барысының, ағынының) әрекеттері			
Әрекеттің (жұмыстар барысының, ағынының) №	7	8	9
ҚФБ атауы	Уәкілетті органның басшысы	Уәкілетті органның кеңсесі	Орталықтың инспекторы
Әрекеттің (үдерістің, рәсімдердің, операцияның) атауы және олардың сипаттамасы	Хат-хабармен танысу	Жеке қосалқы шаруашылықтың болуы туралы анықтаманы немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту жөнінде дәлелді жауапты журналда тіркеу	Тұтынушыға жеке қосалқы шаруашылықтың болуы туралы анықтаманы немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту жөнінде дәлелді жауап беру
Аяқтау нысаны (деректер, құжат, ұйымдық- басшылық шешімі) ету	Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нәтижесіне қол қою	Тұтынушыға немесе Орталыққа жеке қосалқы шаруашылықтың болуы туралы анықтаманы немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту жөнінде дәлелді жауап беру	Тұтынушыға анықтама беру немесе дәлелді бас тарту туралы қолхат
Орындау мерзімі	30 минут	Жұмыс күні ішінде	Жұмыс күні ішінде
Келесі әрекеттің нөмірі	8	9	

2-Кесте. Пайдалану нұсқалары. Негізгі үдеріс

1 - топ Қ Ф Б Орталықтың инспекторы	2 - топ Қ Ф Б Жинақтау бөлімінің инспекторы	3 - топ Қ Ф Б Уәкілетті органның кеңсесі	4 - топ Қ Ф Б Уәкілетті органның басшысы	5 - топ Қ Ф Б Уәкілетті органның жауапты маманы

№ 1-әрекет Құжаттарды қабылдау, тұтынушыға қолхатты беру, өтінішті журналда тіркеу	№ 2-әрекет Құжаттарды жинау, тізілім жасау. Құжаттарды уәкілетті органға жіберу	№ 3-әрекет Орталықтан өтінішті қабылдау, тіркеу, тұтынушының өтінішін уәкілетті органның басшысына жіберу	№ 4-әрекет Жауапты маманды анықтау, бұрыштама қою	№ 5-әрекет Өтінішті қарау, жеке қосалқы шаруашылықтың болуы туралы анықтаманы ресімдеу, уәкілетті органның басшысына қол қоюға беру
			№ 6-әрекет Жеке қосалқы шаруашылықтың болуы туралы анықтамаға қол қою	
		№ 7-әрекет Жеке қосалқы шаруашылықтың болуы туралы анықтаманы тіркеу, тұтынушыға беру немесе Орталыққа жіберу		
№ 8-әрекет Жеке қосалқы шаруашылықтың болуы туралы анықтаманы тұтынушыға беру				

3-кесте. Пайдалану нұсқалары. Баламалы үдеріс

1 - топ Қ Ф Б Орталықтың инспекторы	2 - топ Қ Ф Б Жинақтау бөлімінің инспекторы	3 - топ Қ Ф Б Уәкілетті органның кеңсесі	4 - топ Қ Ф Б Уәкілетті органның басшысы	5 - топ Қ Ф Б Уәкілетті органның жауапты маманы
№ 1-әрекет Құжаттарды қабылдау, тұтынушыға қолхатты беру,	№ 2-әрекет Құжаттарды жинау, тізілім жасау. Құжаттарды	№ 3-әрекет Орталықтан өтінішті қабылдау, тіркеу, тұтынушының өтінішін уәкілетті	№ 4-әрекет Жауапты маманды	№ 5-әрекет Өтінішті қарау, жеке қосалқы шаруашылықтың болуы туралы анықтаманы ресімдеу,

өтінішті журналда тіркеу	уәкілетті органға жіберу	органның басшысына жіберу	анықтау, бұрыштама қою	уәкілетті органның басшысына қол қоюға беру
			№ 6-әрекет Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту жөнінде дәлелді жауапқа қол қою	
		№ 7-әрекет Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту жөнінде дәлелді жауапты тіркеу, тұтынушыға беру немесе Орталыққа жіберу		
№ 8-әрекет Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту жөнінде дәлелді жауапты тұтынушыға беру				

Ә к і м д і к т і ң

2012 жылғы 9 шілдедегі № 310
қаулысымен бекітілген

"Байқаудан өткізушілерді және тұқым сарапшыларын аттестаттау" мемлекеттік қызмет көрсету регламенті

1. Негізгі ұғымдар

1. Осы "Байқаудан өткізушілерді және тұқым сарапшыларын аттестаттау" мемлекеттік қызмет көрсету регламентінде (бұдан әрі – Регламент) мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) аттестаттау - жеке және (немесе) заңды тұлғалардың тұқым шаруашылығы субъектісінің мәртебесіне сәйкестігін анықтау (растау);

2) аттестаттау туралы куәлік – мемлекеттің тұқым шаруашылығы саласындағы аттестатталған субъектілердің қызметін тануын растайтын, өз құзыреті шегінде тұқым шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган немесе облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органы берген құжат;

3) құрылымдық функционалдық бірліктер – мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінде қатысатын (уәкілетті органдардың жауапты тұлғалары, мемлекеттік органдардың құрылымдық бөлімшелері, ақпараттық жүйелер немесе олардың кіші жүйелері) (бұдан әрі - ҚФБ);

4) тұтынушы – жеке тұлғалар.

2. Жалпы ережелер

2. "Байқаудан өткізушілерді және тұқым сарапшыларын аттестаттау" мемлекеттік қызметі жеке тұлғаларға көрсетіледі және "Фитосанитариялық қауіпсіздік және тұқым шаруашылығы саласындағы мемлекеттік қызмет стандарттарын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 шілдедегі № 745 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 5 мамырдағы № 485 қаулысымен және осы Регламентпен бекітілген мемлекеттік қызмет стандартында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

3. Мемлекеттік қызметті облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары көрсетеді.

Байқаудан өткізушілерді және тұқым сарапшыларын аттестаттауды (қайта аттестаттауды) облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органының бұйрығымен құрылатын, құрамы кемінде бес адамнан тұратын (комиссияның төрағасы және төрт мүшесі) аттестаттау комиссиясы (бұдан әрі - Комиссия) жүзеге асырады. Комиссияның жұмыс органы "Қостанай облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі болып табылады, оның мекенжайы осы Регламенттің 1-қосымшасында көрсетілген (бұдан әрі - уәкілетті орган).

4. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нысаны: автоматтандырылмаған.

5. Мемлекеттік қызмет "Тұқым шаруашылығы туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 ақпандағы Заңының 6-1-бабының 4) тармақшасы, "Тұқым шаруашылығы саласындағы кейбір субъектілерді аттестаттау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 қарашадағы № 1393 қаулысы және "Жеке және заңды тұлғаларға

көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізілімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 шілдедегі № 745 қаулысының негізінде жүзеге асырылады.

6. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

7. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі қағаз тасығышта аттестаттау туралы куәлік беру немесе оны беруден дәлелді жазбаша бас тарту болып табылады.

3. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібіне қойылатын талаптар

8. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы толық ақпарат Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің www.minagri.kz интернет-ресурсында және осы Регламенттің 1-қосымшасында көрсетілген уәкілетті органның сайтында орналастырылады.

9. Мемлекеттік қызмет мынадай мерзімдерде көрсетіледі:

1) мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі тұтынушы осы Регламенттің 18-тармағында айқындалған қажетті құжаттарды тапсырған сәттен бастап он бес жұмыс күнінен аспауы тиіс;

2) тұтынушы өтініш білдірген күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті алуға дейінгі ең көп жол берілген күту уақыты - 30 минуттан аспайды;

3) құжаттарды алу кезінде күтудің рұқсат етілген ең көп уақыты - 30 минуттан аспайды.

10. Мемлекеттік қызмет жұмыстың белгіленген кестесіне сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа (сенбі, жексенбі) жұмыс күндері сағат 13.00-ден 14.00-ге дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін көрсетіледі. Қабылдау алдын ала жазылусыз және жедел қызмет көрсетусіз кезек күту тәртібімен жүзеге асырылады.

11. Мемлекеттік қызмет тұтынушыға, оның ішінде физикалық мүмкіндіктері шектеулі адамдарға қызметті көрсету үшін жағдайлар жасалған уәкілетті органның орналасқан жері бойынша көрсетіледі.

12. Тұтынушыға мемлекеттік қызмет көрсетуден мынадай жағдайларда бас тартылады:

1) тұтынушының осы Регламенттің 18-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынбауы;

2) тұтынушының осы Регламенттің 2-қосымшасында көрсетілген біліктілік талаптарына сай келмеуі.

13. Мемлекеттік қызметті алу үшін тұтынушыдан өтініш алу сәтінен бастап мемлекеттік қызметтің нәтижесін беру сәтіне дейін мемлекеттік қызметті көрсету кезеңдері:

1) тұтынушы уәкілетті органға өтініш береді;
2) уәкілетті органның маманы тұтынушының өтінішін Комиссияға береді;
3) Комиссия тұтынушыдан аттестаттауға (қайта аттестаттауға) өтініш түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде тапсырылған құжаттарды зерделейді және осы Регламенттің 18-тармағында көрсетілген барлық құжаттар бар болса және осы Регламенттің 2-қосымшасында көрсетілген біліктілік талаптарға сәйкес болса, өтінім берушіге аттестаттау жүргізу күні мен орнын хабарлайды. Тұтынушы барлық құжаттарды ұсынбаған және біліктілік талаптарға сәйкес болмаған жағдайда, Комиссия аттестаттау туралы куәлік беруден бас тарту жөнiнде шешiм қабылдайды;

4) Комиссия тапсырылған құжаттарды зерделеп, сұхбаттасу өткізіп, тұтынушының байқаудан өткізуші немесе тұқым сарапшы мәртебесіне сәйкестігі немесе сәйкес еместігі туралы көпшілік дауыспен шешім қабылдайды. Комиссияның шешімі хаттамамен ресімделеді, оған Комиссияның барлық мүшелері қол қояды.

5) Комиссияның оң қорытындысын алған тұтынушыға жергілікті атқарушы органның бұйрығымен байқаудан өткізуші немесе тұқым сарапшы мәртебесі беріледі;

6) Уәкілетті органның маманы тұтынушыға аттестаттау туралы куәлік немесе аттестаттау туралы куәлік беруден жазбаша түрде дәлелді бас тартуды береді.

14. Мемлекеттік қызметті көрсету үдерісінде әкімшілік әрекеттердің қисынды кезектілігі мен ҚФБ арасындағы өзара байланысты айғақтайтын сызбалар осы Регламенттің 3-қосымшасында келтірілген.

15. Әр әкімшілік әрекетті (рәсімді) орындау мерзімін көрсете отырып, әр ҚФБ әкімшілік әрекеттердің (рәсімдердің) өзара әрекеті мен кезектілігінің мәтіндік кестелік сипаттамасы осы Регламенттің 4-қосымшасында келтірілген.

16. Уәкілетті органда мемлекеттік қызмет көрсету үшін құжаттар қабылдауды іске асыратын тұлғалардың минималды саны бір қызметшіні құрайды.

4. Мемлекеттік қызметті көрсету үдерісіндегі әрекет (өзара әрекет) тәртібінің сипаттамасы

17. Мемлекеттік қызметті алу үшін тұтынушы жеке өзі уәкілетті органға өтініш білдіреді. Өтінішті беру фактісі уәкілетті органның маманы жүргізетін арнайы өтініштерді тіркеу журналында жазылады.

Тұтынушыға:

- 1) құжаттарды қабылдау күні мен нөмірі;
- 2) сұралып отырған мемлекеттік қызмет түрі;
- 3) қоса беріліп отырған құжаттардың саны мен атауы;

4) мемлекеттік қызметті алатын күні (уақыты) және құжаттар берілетін орын;
5) уәкілетті органның өтінішті қабылдаған жауапты лауазымды адамының тегі, аты, әкесінің аты көрсетіле отырып, тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі.

18. Мемлекеттік қызметті алу үшін тұтынушы мынадай құжаттарды:
1) белгіленген үлгідегі өтінішті;
2) өтініш берушінің жеке басын куәландырылған құжаттың көшірмесін;
3) біліктілік талаптарға өтініш берушінің сәйкес келетіндігін растайтын құжаттардың көшірмесін береді.

19. Өтініш бланкілері уәкілетті органның кеңсесінде тегін беріледі, өтініштер нысаны сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің www.minagri.kz интернет-ресурсында "нормативтік-құқықтық актілер" бөлімінде, "Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы" кіші бөлімінде және осы Регламенттің 1-қосымшасында көрсетілген уәкілетті органның сайтында орналастырылады.

20. Аттестаттау туралы куәлік тұтынушы өзі келгенде тұтынушының жеке басын куәландыратын құжатты немесе оны алуға арналған сенімхатты көрсеткенде қолма-қол беріледі.

5. Мемлекеттік қызметті көрсететін лауазымды тұлғалардың жауапкершілігі

21. Уәкілетті органның басшысы (бұдан әрі – лауазымды тұлға) мемлекеттік қызметті көрсетуге жауапты тұлға болып табылады.

Лауазымды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес белгіленген мерзімде мемлекеттік қызметті көрсетуді іске асыруға жауапкершілік алады.

"Байқаудан өткізушілерді және тұқым сарапшыларын аттестаттау" мемлекеттік қызмет көрсету регламентіне 1-қосымша

Мемлекеттік қызметті көрсету жөніндегі уәкілетті органның атауы

Уәкілетті органның атауы	Мекенжайы	Байланыс телефоны	Электрондық пошта
"Қостанай облысы әкімдігінің шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі	110000, Қостанай қаласы, Баймағамбетов көшесі, 160	8 (7142) 511-782 8 (7142) 511-695	dcx@kostanay.kz

"Байқаудан өткізушілерді және
тұқым сарапшыларын аттестаттау"
мемлекеттік қызмет көрсету
регламентіне 2-қосымша

Байқаудан өткізушілерге және тұқым сарапшыларына қойылатын біліктілік талаптары:

1. Байқаудан өткізушілерге қойылатын біліктілік талаптары мыналарды қ а м т и д ы :

1) аграрлық бейіндегі немесе өсімдік шаруашылығы өнімдерін сақтау және қайта өңдеу жөніндегі мамандықтар бойынша жоғары немесе орта білімнен кейінгі білімі болуы ;

2) арнайы даярлығы туралы құжаттың болуы (байқаудан өткізуші курстары).


2. Тұқым сарапшыларына қойылатын біліктілік талаптары мыналарды қ а м т и д ы :

1) аграрлық бейіндегі немесе өсімдік шаруашылығы өнімдерін сақтау және қайта өңдеу жөніндегі мамандықтар бойынша жоғары немесе орта білімнен кейінгі білімі болуы ;

2) тұқым сапасын сараптау бойынша зертханада жұмыс істеуі немесе тағылымдамадан өтуі туралы (2 айдан кем емес) құжаттың болуы.

"Байқаудан өткізушілерді және
тұқым сарапшыларын аттестаттау"
мемлекеттік қызмет көрсету
регламентіне 3-қосымша

**"Байқаудан өткізушілерді және тұқым сарапшыларын аттестаттау"
мемлекеттік қызмет көрсету үдерісі**



"Байқаудан өткізушілерді және тұқым сарапшыларын аттестаттау" мемлекеттік қызмет көрсету регламентіне 4-қосымша

Әкімшілік әрекеттердің (рәсімдердің) кезектілігін сипаттау және өзара әрекеті

1-кесте. ҚФБ әрекеттерінің сипаттамасы

Негізгі үдерістің (жұмыстар барысының, ағынының) әрекеттері			
Әрекеттің (жұмыстар барысының, ағынының) №	1	2	3
ҚФБ атауы	Уәкілетті органның кеңсесі	Уәкілетті органның басшысы	Уәкілетті органның жауапты маманы

Әрекеттің (үдерістің, рәсімдердің, операцияның) атауы және олардың сипаттамасы	Өтінішті қабылдау және тіркеу	Хат-хабармен танысу, жауапты маманды анықтау	Комиссияның құжаттарды дайындау қарауына
Аяқтау нысаны (деректер, құжат, ұйымдық- басшылық шешімі)	Журналда тіркеу. Құжаттарды уәкілетті органның басшысына бұрыштама үшін жіберу	Бұрыштама қою, уәкілетті органның жауапты маманды тағайындау	Байқаудан өткізушілер және тұқым сарапшыларды аттестаттау жөніндегі арнайы құрылған Комиссияның қарауына ұсыну
Орындау мерзімдері	30 минуттан аспайды	жұмыс күні ішінде	10 күннен аспайды
Келесі әрекеттің нөмірі	2	3	4
Негізгі үдерістің (жұмыстар барысының, ағынының) әрекеттері			
Әрекеттің (жұмыстар барысының, ағынының) №	4	5	6
ҚФБ атауы	Байқаудан өткізушілерді және тұқым сарапшыларын аттестаттау жөніндегі Комиссия	Уәкілетті органның басшысы	Уәкілетті органның кеңсесі
Әрекеттің (үдерістің, рәсімдердің, операцияның) атауы және олардың сипаттамасы	Жалпы жиналыста ұсынылған құжаттарды қарайды, қажетті құжаттардың бар болуын тексереді, тұтынушымен сұхбаттасу өткізеді, тұтынушының байқаудан өткізуші немесе тұқым сарапшы мәртебесіне сәйкестігі немесе сәйкес еместігі туралы көпшілік дауыспен шешім қабылдайды	Комиссияның жалпы жиналысының хаттамасын қарау	Журналда аттестаттау туралы куәлікті немесе оны беруден жазбаша түрде дәлелді бас тартуды тіркеу

Аяқтау нысаны (деректер, құжат, ұйымдық- басшылық шешімі)	Аттестаттау туралы куәлікті немесе оны беруден жазбаша түрде дәлелді бас тарту беру жөнінде шешім шығару	Аттестаттау туралы куәлікке немесе оны беруден жазбаша түрде дәлелді бас тартуға қол қою	Уәкілетті органның маманына аттестаттау туралы куәлікті немесе оны беруден жазбаша түрде дәлелді бас тартуды беру
Орындау мерзімдері	жұмыс күні ішінде	жұмыс күні ішінде	жұмыс күні ішінде
Келесі әрекеттің нөмірі	5	6	7
Негізгі үдерістің (жұмыстар барысының, ағынының) әрекеттері			
Әрекеттің (жұмыстар барысының, ағынының) №	7		
ҚФБ атауы	Уәкілетті органның жауапты маманы		
Әрекеттің (үдерістің, рәсімдердің, операцияның) атауы және олардың сипаттамасы	Аттестаттау туралы куәлікті немесе оны беруден жазбаша түрде дәлелді бас тартуды беру		
Аяқтау нысаны (деректер, құжат, ұйымдық- басшылық шешімі)	Аттестаттау туралы куәлік немесе оны беруден жазбаша түрде дәлелді бас тарту беру туралы колхат		
Орындау мерзімдері	30 минуттан аспайды		
Келесі әрекеттің нөмірі			

2-кесте. Пайдалану нұсқалары. Негізгі үдеріс

1 - топ Қ Ф Б Уәкілетті органның кеңсесі	2 - топ Қ Ф Б Уәкілетті органның басшысы	3 - топ Қ Ф Б Уәкілетті органның маманы	4 - топ Қ Ф Б Байқаудан өткізушілерді және тұқым сарапшыларын аттестаттау жөніндегі комиссия
1-әрекет Өтінішті			

қабылдау және тіркеу. Журналда тіркеу. Құжаттарды уәкілетті органның басшысына бұрыштама қою үшін жіберу	2-әрекет Хат-хабармен танысу, жауапты маманды анықтау. Бұрыштама қою	3-әрекет Құжаттарды Комиссияның қарауына дайындау. Арнайы құрылған Комиссияның қарауына ұсыну	4 - әрекет Өтінішті қарау, тұтынушымен сұхбаттасу өткізу, хаттаманы ресімдеу. Аттестаттау туралы куәлікті беру жөнінде шешім шығару, басшылыққа қол қою үшін беру
	5-әрекет Аттестаттау туралы куәлікке қол қою		
6-әрекет Аттестаттау туралы куәлікті тіркеу және уәкілетті органның жауапты маманына беру			
		7-әрекет Аттестаттау туралы куәлік беру	

3-кесте. Пайдалану нұсқалары. Баламалы үдеріс

1 - топ Қ Ф Б Уәкілетті органның кеңсесі	2 - топ Қ Ф Б Уәкілетті органның басшысы	3 - топ Қ Ф Б Уәкілетті органның жауапты маманы	4 - топ Қ Ф Б Байқаудан өткізушілерді және тұқым сарапшыларын аттестаттау жөніндегі комиссия
1-әрекет Өтінішті қабылдау және тіркеу. Журналда тіркеу. Құжаттарды уәкілетті органның басшысына бұрыштама қою үшін жіберу	2-әрекет Хат-хабармен танысу, жауапты маманды анықтау. Бұрыштама қою	3-әрекет Құжаттарды Комиссияның қарауына дайындау. Арнайы құрылған Комиссияның қарауына ұсыну	4 - әрекет Өтінішті қарау, тұтынушымен сұхбаттасу өткізу, хаттаманы ресімдеу. Аттестаттау туралы куәлікті беру жөнінде шешім шығару, басшылыққа қол қою үшін беру
	5-әрекет Аттестаттау туралы куәлік беруден жазбаша		

	түрде дәлелді бас тартуға қол кою		
6-әрекет Аттестаттау туралы куәлік беруден жазбаша түрде дәлелді бас тартуды тіркеу, уәкілетті органның жауапты маманына беру			
		7-әрекет Тұтынушыға аттестаттау туралы куәлік беруден жазбаша түрде дәлелді бас тартуды беру	

Ә к і м д і к т і ң

2012 жылғы 9 шілдедегі

№ 310 қаулысымен бекітілген

"Бірегей және элиталық тұқым, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндірушілерді және тұқым өткізушілерді аттестаттау" мемлекеттік қызмет көрсету регламенті

1. Негізгі ұғымдар

1. Осы "Бірегей және элиталық тұқым, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндірушілерді және тұқым өткізушілерді аттестаттау" мемлекеттік қызмет көрсету регламентінде (бұдан әрі – Регламент) мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) аттестаттау - жеке және (немесе) заңды тұлғалардың тұқым шаруашылығы субъектісінің мәртебесіне сәйкестігін анықтау (растау);

2) аттестаттау туралы куәлік – мемлекеттің тұқым шаруашылығы саласындағы аттестатталған субъектілердің қызметін тануын растайтын, өз құзыреті шегінде тұқым шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган немесе облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органы берген құжат;

3) бірегей тұқымдар - ауыл шаруашылығы өсімдігі сортының авторы, ол уәкілдік берген адам немесе сорттың оригинаторы өсіріп шығарған және элиталық тұқымдарды өндіруге арналған тұқымдар;

4) бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымдар - тұқымдар элитасының жылдар бойынша кейіннен өсіріп-өндірілуі: бірінші жыл - бірінші көбейтілген тұқым, екінші жыл - екінші көбейтілген тұқым, үшінші жыл - үшінші көбейтілген тұқым;

5) құрылымдық функционалдық бірліктер – мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінде қатысатын (уәкілетті органдардың жауапты тұлғалары, мемлекеттік органдардың құрылымдық бөлімшелері, мемлекеттік органдар, ақпараттық жүйелер немесе олардың кіші жүйелері) (бұдан әрі-ҚФБ);

6) суперэлиталық тұқымдар - бірегей тұқымдарға жататын, өсіріп-өндіру көшеттігінің өнімінен алынған, тұқым шаруашылығы саласындағы ұлттық стандарттар мен өзге де нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес келетін және элиталық тұқымдарды өндіруге арналған тұқымдар;

7) тұтынушы – тұқым шаруашылығы саласында қызметін жүзеге асырушы жеке және заңды тұлғалар;

8) элиталық тұқымдар - ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің бірегей немесе суперэлиталық тұқымнан алынған және Қазақстан Республикасының тұқым шаруашылығы туралы заңнамасының талаптарына сай келетін тұқымдар.

2. Жалпы ережелер

2. "Бірегей және элиталық тұқым, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндірушілерді және тұқым өткізушілерді аттестаттау" мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға көрсетіледі және "Фитосанитариялық қауіпсіздік және тұқым шаруашылығы саласындағы мемлекеттік қызмет стандарттарын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 шілдедегі № 745 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 5 мамырдағы № 485 қаулысымен және осы Регламентпен бекітілген мемлекеттік қызмет стандартында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

3. Мемлекеттік қызметті жұмыс органы "Қостанай облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы" болып табылатын, мекенжайы осы Регламенттің 1-қосымшасында көрсетілген облыстың жергілікті атқарушы орган (бұдан әрі-уәкілетті орган) көрсетеді.

4. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нысаны: автоматтандырылмаған.

5. Мемлекеттік қызмет "Тұқым шаруашылығы туралы" Қазақстан Республикасы 2003 жылғы 8 ақпандағы Заңының 6-1-бабының 4) тармақшасы , "

Тұқым шаруашылығы саласындағы кейбір субъектілерді аттестаттау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 қарашадағы № 1393 қаулысы және "Жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізілімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 шілдедегі № 745 қаулысының негізінде жүзеге асырылады.

6. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

7. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі қағаз тасығышта аттестаттау туралы куәлік беру немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді жазбаша бас тарту болып табылады.

3. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібіне қойылатын талаптар

8. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі туралы толық ақпарат Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің www.minagri.kz интернет-ресурсында және осы Регламенттің 1-қосымшасында көрсетілген уәкілетті органның сайтында орналастырылады.

9. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

1) мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі тұтынушы осы Регламенттің 18-тармағында анықталған қажетті құжаттарды тапсырған сәттен бастап жиырма жұмыс күннен аспайды;

2) тұтынушы жүгінген күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті алуға дейінгі күтудің рұқсат етілген ең көп уақыты - 30 минуттан аспайды;

3) құжаттарды алу кезінде күтудің рұқсат етілген ең көп уақыты - 30 минуттан аспайды.

10. Мемлекеттік қызмет жұмыстың белгіленген кестесіне сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа (сенбі, жексенбі) жұмыс күндері, сағат 13.00-ден 14.00-ге дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін көрсетіледі. Қабылдау алдын ала жазылусыз және жедел қызмет көрсетусіз кезек күту тәртібімен жүзеге асырылады.

11. Мемлекеттік қызмет тұтынушыға, оның ішінде физикалық мүмкіндіктері шектеулі адамдарға қызмет көрсету үшін жағдайлар көзделген уәкілетті органның орналасқан жері бойынша көрсетіледі.

12. Тұтынушыға мемлекеттік қызмет көрсетуден мынадай жағдайларда:

1) тұтынушының осы Регламенттің 18-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынбаған кезде;

2) тұтынушының осы Регламенттің 2-қосымшасында көрсетілген біліктілік талаптарына сай келмеген кезде бас тартылады.

13. Мемлекеттік қызметті алу үшін тұтынушыдан өтініш алу сәтінен бастап

мемлекеттік қызметтің нәтижесін беру сәтіне дейін мемлекеттік қызмет көрсету к е з е н д е р і :

1) тұтынушы уәкілетті органға өтініш береді;
2) уәкілетті органның маманы қажетті құжаттардың бар болуын, олардың ресімдеу толықтығын және дұрыстығын тексереді, құжаттар пакеті сәйкес болған жағдайда арнайы құрылған сараптау Комиссияның (бұдан әрі-Комиссия) қарауына береді. Тұтынушы толық емес құжаттар пакетін ұсынған жағдайда, оған аттестаттау туралы куәлікті беруден бас тартудың себептерін көрсетіп, жазбаша түрде дәлелді жауап беріледі;

3) Комиссия ұсынылған құжаттарды қарайды және орынға барып, бірегей тұқым өндірушілерге, элиталық тұқым шаруашылықтарға, тұқым шаруашылықтарға, тұқым өткізушілерге қойылатын біліктілік талаптарына жеке немесе заңды тұлғаның сәйкестік деңгейін анықтайды, тексеру негізінде сараптау Комиссиясы тексеру актісін жасайды;

4) тексеру қорытындысы бойынша сараптау Комиссиясы дауыстардың көпшілігімен жеке немесе заңды тұлғаның бірегей тұқым өндірушілерге, элиталық тұқым шаруашылықтарға, тұқым шаруашылықтарға, тұқым өткізушілерге қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келетіндігі немесе сәйкес келмейтіндігі жөнінде шешім қабылдайды;

5) Сараптамалық комиссияның оң қорытындысын алған жеке және заңды тұлғаларға жергілікті атқарушы органның бұйрығымен бірегей тұқым өндіруші, элиталық тұқым өсіру шаруашылығы, тұқым өсіру шаруашылығы, тұқым өткізуші мәртебесі беріледі және аттестаттау туралы куәлік беріледі. Жеке немесе заңды тұлға бірегей тұқым өндірушілерге, элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарына, тұқым өсіру шаруашылықтарына, тұқым өткізушілерге қойылатын талаптарға сәйкес болмаған жағдайда жергілікті атқарушы орган осы Регламенттің 9-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген мерзім ішінде аттестаттау туралы куәлікті беруден бас тартудың себептерін көрсетіп, жазбаша түрде дәлелді жауап береді.

6) уәкілетті органның маманы тұтынушыға аттестаттау туралы куәлік береді немесе аттестаттау туралы куәлікті беруден бас тартудың себептерін көрсетіп, жазбаша түрде дәлелді жауап жібереді;

14. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінде әкімшілік әрекеттердің қисынды кезектілігі мен ҚФБ арасындағы өзара байланысты айғақтайтын сызбалар осы Регламенттің 3-қосымшасында келтірілген.

15. Әр әкімшілік әрекетті (рәсімді) орындау мерзімін көрсете отырып, әр ҚФБ әкімшілік әрекеттердің (рәсімдердің) өзара әрекеті мен кезектілігінің мәтіндік кестелік сипаттамасы осы Регламенттің 4-қосымшасында келтірілген.

16. Уәкілетті органда мемлекеттік қызмет көрсету үшін құжаттар қабылдауды іске асыратын тұлғалардың минималды саны бір қызметшіні құрайды.

4. Мемлекеттік қызметтерді көрсету үдерісіндегі әрекет (өзара әрекет) тәртібінің сипаттамасы

17. Мемлекеттік қызмет алу үшін қажетті құжаттар осы Регламенттің 1-қосымшасында көрсетілген мекенжай бойынша уәкілетті органның кеңсесіне тапсырылады. Өтінішті беру фактісі уәкілетті органның маманы жүргізетін арнайы өтініштерді тіркеу журналында жазылады.

Т ұ т ы н у ш ы ғ а :

- 1) құжаттарды қабылдау нөмірі мен күні;
- 2) сұратылып отырған мемлекеттік қызмет түрі;
- 3) қоса беріліп отырған құжаттардың саны мен атаулары;
- 4) мемлекеттік қызметті алатын күні (уақыты) және құжаттар берілетін орын;
- 5) жергілікті атқарушы органның өтінішті қабылдаған жауапты лауазымды адамының тегі, аты, әкесінің аты.

18. Мемлекеттік қызметті алу үшін тұтынушы мынадай құжаттарды:

- 1) Нысанына сәйкес белгіленген үлгідегі өтінішті;
- 2) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесін немесе жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың к ө ш і р м е с і н ;
- 3) жер учаскесіне сәйкестендіру құжатының көшірмесін (тұқым өткізушілер бермейді). Бұл ретте жер учаскесін жалдау шарты бойынша жалдау мерзімі он жылдан кем болмауы тиіс ;
- 4) жеке және заңды тұлғаның осы Регламенттің 2-қосымшасында белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды;
- 5) тұқым өндірумен тікелей айналысатын мамандардың тізімін тапсырады.

19. Өтініш бланкілері уәкілетті органның кеңсесінде тегін беріледі, өтініштер нысаны сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің www.minagri.kz интернет-ресурсында "нормативтік-құқықтық актілер" бөлімінде, "Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы" кіші бөлімінде және осы Регламенттің 1-қосымшасында көрсетілген уәкілетті органның сайтында орналастырылады .

20. Аттестаттау туралы куәлік тұтынушы өзі келгенде тұтынушының жеке басын куәландыратын құжатты немесе оны алуға арналған сенімхатты көрсеткенде қолма-қол беріледі.

5. Мемлекеттік қызметті көрсететін лауазымды тұлғалардың жауапкершілігі

21. Уәкілетті органның басшысы (бұдан әрі – лауазымды тұлға) мемлекеттік қызмет көрсетуге жауапты тұлға болып табылады.

Лауазымды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес белгіленген мерзімде мемлекеттік қызмет көрсетуді іске асыруға жауапкершілік алады.

"Бірегей және элиталық тұқым, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндірушілерді және тұқым өткізушілерді аттестаттау" мемлекеттік қызмет көрсету регламентіне 1-қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі уәкілетті органның атауы

Уәкілетті органның атауы	Мекенжай	Байланыс телефоны	Электрондық мекенжайы
"Қостанай облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі	110000, Қостанай қаласы, Баймағамбетов көшесі, 160	8 (7142) 511-695 8 (7142) 511-782	ush.kostanay.gov.kz dcx@kostanay.kz

"Бірегей және элиталық тұқым, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндірушілерді және тұқым өткізушілерді аттестаттау" мемлекеттік қызмет көрсету регламентіне 2-қосымша

Бірегей тұқым өндірушілерге, элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарына, тұқым өсіру шаруашылықтарына, тұқым өткізушілерге қойылатын біліктілік талаптар

1. Бірегей тұқым өндірушіге қойылатын біліктілік талаптар мыналарды қамтиды :

1) бірегей тұқымдарды өндіруге қойылатын талаптарға сәйкес оларды

өндіруді жүргізу үшін егістік алаңның (суармалы жерлерде - сумен қамтамасыз етілген ауыспалы егістіктің) болуы;

2) бірегей тұқым өндіру жүргізілетін, ауыл шаруашылығы өсімдігінің ерекшеліктерін ескере отырып, нақты топырақты-климаттық аймаққа арналған ғылыми негізделген ұсынымдарға сәйкес салынған және бірден кем емес айналымнан өткен, игерілген тұқым шаруашылығы ауыспалы егістерінің болуы;

3) жалпы егіс алаңының 30 пайызынан кем емес тұқым шаруашылығы егістіктерінің болуы;

4) бірегей тұқым өндірісі (бастапқы тұқым шаруашылығы) бойынша 6 жылдан кем емес жұмыс тәжірибесінің болуы;

5) нақты топырақты-климаттық аймаққа арналған ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру бойынша ғылыми негізделген ұсынымдарға сәйкес сорттық агротехниканың болуы;

6) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы растаған бірегей тұқым өндірушінің аумағында карантиндік объектілердің болмауы, бұл ретте карантиндік объектілер бірегей тұқым өндірушінің аумағында аттестаттау сәтіне дейін кемінде үш жыл кезеңінде де болмауы тиіс;

7) дақыл жөнінде бес жылдан кем емес жұмыс тәжірибесі бар кемінде бір маман-селекционердің болуы немесе ауыл шаруашылығы өсімдіктері селекциясы саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлғамен бірегей тұқым өндірісі бойынша бірлескен жұмысты жүзеге асыруға шарттың болуы;

8) кемінде бір агроном-тұқымшының және әр дақыл бойынша маманның сондай-ақ, дақыл мен сорттың тұқым шаруашылығы жөніндегі жұмыстың ерекше әдістерін меңгерген техникалық персоналдың кемінде үш адамының болуы;

9) дақыл мен сорттың биологиялық белгілері мен қасиеттерін ескеретін сызбаларға қатаң сәйкестікте бірегей тұқым өндірісін қамтамасыз ету;

10) кейіннен элиталық тұқым өндірісін қамтамасыз ету мақсатында бірегей тұқымның жоспарланған көлемін өндіруге қажетті ассортиментте және көлемде сорттың тұқымдық материалының (жеміс, жидек дақылдарының және жүзімнің көшетін өндірушілер үшін аналық екпе ағаштардың) болуы;

11) мынадай:

бастапқы буындардың негізін қалау үшін - 100 пайыз;
суперэлита үшін - 50 пайыз қажеттілікте тұқым сақтандыру қорларының болуы;

12) бірегей тұқым өндірісі жүргізілетін ауыл шаруашылығы өсімдіктері

түрлерінің бірегей тұқымын өндіру жөніндегі жұмыстар кешенін қамтамасыз ету үшін меншік құқығында, лизингке немесе мүліктік жалға (ұзақ мерзімде жалгерлік) алынған арнайы селекциялық және тұқым шаруашылығы техникасының болуы ;

13) тұқымдар партияларының араласуына жол бермей орналастыруға мүмкіндік беретін мамандандырылған қыrmандардың, асфальтталған жабық алаңдардың, қоймалық үй-жайлардың (жеміс, жидек дақылдары мен жүзімге арналған кему алаңдарының), арнайы ыдыстың болуы ;

14) бірегей тұқым өндірісі жүргізілетін ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің әр сорты бойынша өндірілген, сатылған және өз шаруашылығында пайдаланылған бірегей тұқымның саны мен сапасына, шыққан тегіне (себу, іріктеу, сорттық, түрлік және фитопатологиялық отаулар (тазалаулар), егістіктерді қабылдау және (немесе) байқаудан өткізу, бірегей тұқымды жинау, кіріске алу, тазалау және өңдеу, сату актілері, тұқымдарды есепке алу журналы (ол Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің облыстық аумақтық инспекциясының тұқым шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспекторымен нөмірленуге, тігілуге, қолы қойылуға тиіс), тұқымдардың кондициялығы туралы куәлік, тұқымдардың аттестаты) е с е п жү р г і з у ;

15) сортты шығару әдісін, ата-аналық нысандар, сорт белгілерінің ерекше сипаттамалары туралы мәліметтерді көрсететін сорт жөніндегі құжаттаманы ж ү р г і з у ;

16) тұқым шаруашылығы жөніндегі есеп материалдарының алты жылдан кем емес мерзім ішінде сақталуын қамтамасыз ету.

2. Элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарына қойылатын біліктілік талаптар мыналарды қ а м т и д ы :

1) элиталы тұқым өндіру жүргізілетін және кемінде бір ротациядан өткен ауыл шаруашылығы өсімдігінің ерекшеліктерін ескере отырып, нақты топырақты-климаттық аймаққа арналған ғылыми негізделген ұсынымдарға сәйкес салынған, игерілген тұқым шаруашылығы ауыспалы егістерінің болуы ;

2) нақты топырақты-климаттық аймаққа арналған ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру бойынша ғылыми негізделген ұсынымдарға сәйкес сорттық агро тех н и к а н ы ң б о л у ы ;

3) жалпы егіс алаңының 25 пайызынан кем емес тұқым шаруашылығы егістіктерінің б о л у ы ;

4) соңғы үш жылдағы өнімділіктің орташа облыстық көрсеткіштен жоғары б о л у ы ;

5) тұқым шаруашылығы бойынша жұмыс тәжірибесі төрт жылдан кем б о л м а у ы ;

- 6) жалпы өндіріс көлеміндегі қызметтің негізгі түрінің (элиталық тұқым шаруашылығы) үлес салмағын қамтамасыз ету 25 пайыздан кем болмауы;
- 7) тұқым шаруашылығы жүргізілетін егілетін дақылдардың саны 4-тен көп
б о л м а у ы ;
- 8) аттестаттау мәніне сәйкес тұқым шаруашылығы жүргізілетін әр дақыл бойынша сорттардың саны 3-тен көп болмауы;
- 9) суперэлиталық тұқымды егуге қажетті тұқымның сақтандыру қоры - 50
п а й ы з б о л у ы ;
- 10) дақылдар мен сорттар бойынша сорт жаңарту жоспарының болуы;
- 11) аудандастырылғандар тізбесіне енгізілген тұқым сорттарын өсіру
с х е м а с ы н ы ң б о л у ы ;
- 12) тұқым материалдарын өсіру жұмыстарының барлық түрлері мен оның сапалық көрсеткіштері көрсетілетін құжаттаманы жүргізу және есепке алуды
ұ й ы м д а с т ы р у ;
- 13) элиталық тұқымның жоспарланған мөлшерін өндіру үшін түр-түрде және көлемде негізгі тұқым материалының (бірегей тұқым) аудандастырылған және перспективті
с о р т т а р ы н ы ң б о л у ы ;
- 14) аттестаттауға өтініш берген сәттен бастап кемінде екі жыл мерзімге элиталық тұқымның жоспарланған мөлшерін өндіру үшін түр-түрде және көлемде аудандастырылған және перспективті сорттардың бірегей немесе суперэлиталық тұқымдарын жеткізу туралы бірегей тұқым өндірушімен
ж а с а л ғ а н ш а р т т ы ң б о л у ы ;
- 15) ауыл шаруашылығы өсімдіктері селекциясы саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлғамен элиталық тұқым өндірісін ғылыми сүйемелдеу туралы шарттың болуы;
- 16) элиталық тұқымның жоспарланған көлемін өндіру жөніндегі жұмыстар кешенін қамтамасыз ету үшін меншік құқығындағы, лизингке немесе мүліктік жалға (ұзақ уақыттық жалгерлік) алынған тұқым тазалайтын техниканы және тұқымды дәрілейтін техниканы қоса алғанда ауыл шаруашылығы техникасының
б о л у ы ;
- 17) тұқымдар партияларының араласуына жол бермей орналастыруға мүмкіндік беретін мамандандырылған қырманардың, асфальтталған жабық алаңдардың, қоймалық үй-жайлардың болуы;
- 18) ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің әр сорты бойынша өндірілген, сатылған және өз шаруашылығында пайдаланылған тұқымның саны мен сапасына, шыққан тегіне (себу, егістіктерді қабылдау және (немесе) байқаудан өткізу, тұқымды жинау, кіріске алу, тазалау және өңдеу, сату актілері, тұқымдардың аттестаттары, тұқымдардың конденциялығы туралы куәлік, тұқымдарды есепке алу журналы (ол Қазақстан Республикасы Ауыл

шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің облыстық аумақтық инспекциясының тұқым шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспекторымен нөмірленуге, тігілуге, қолы қойылуға тиіс) е с е п ж ү р г і з у ;

19) тұқым шаруашылығы бойынша есеп материалдарының кемінде бес жыл са қ т а л у ы н ұ й ы м д а с т ы р у ;

20) жоспарланған жұмыс көлемін білікті түрде орындау үшін штат кестесінде көзделген тиісті білімі бар мамандар санының, оның ішінде кемінде бір агроном - тұ қ ы м ш ы н ы ң б о л у ы ;

21) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы растаған элиталық тұқым өсіру шаруашылығының аумағында карантиндік объектілердің болмауы, бұл ретте карантиндік объектілер элиталық тұқым өсіру шаруашылығының аумағында сондай-ақ аттестаттау сәтіне дейін кемінде үш жыл кезеңінде болмауы тиіс.

3. Тұқым өсіру шаруашылықтарына қойылатын біліктілік талаптар м ы н а л а р д ы қ а м т и д ы :

1) тұқым шаруашылығы бойынша жұмыс тәжірибесінің екі жылдан кем емес б о л у ы ;

2) бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымдарды өндіруге қойылатын талаптарға сәйкес олардың өндірісін жүргізу үшін егістік алаңның (суармалы жерлерде - сумен қамтамасыз етілген ауыспалы егістіктің) болуы;

3) бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндіру жүргізілетін ауыл шаруашылығы өсімдігінің ерекшеліктерін ескере отырып, нақты топырақты-климаттық аймаққа арналған ғылыми негізделген ұсыныстарға сәйкес енгізілген тұқым шаруашылығы ауыспалы егістерінің болуы;

4) жалпы егіс алаңының 20 пайызынан кем емес тұқым шаруашылығы егістіктерінің б о л у ы ;

5) тұқым шаруашылығы жүргізілетін өңделетін дақылдардың саны - 3-тен к ө п б о л м а у ы ;

6) аттестаттау мәніне сәйкес тұқым шаруашылығы жүргізілетін әр дақыл бойынша сорттардың саны - 3-тен көп болмауы;

7) аттестаттауға өтініш берген сәттен бастап кемінде үш жыл мерзімге бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндіру үшін элиталық тұқым жеткізу туралы элиталық тұқым өсіруші шаруашылықпен жасалған шарттың б о л у ы ;

8) ауыл шаруашылығы өсімдіктері селекциясы саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлғамен бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндірісін ғылыми сүйемелдеу туралы шарттың болуы;

9) нақты агроэкологиялық аймақ үшін ұсынылған ауыл шаруашылығы өсімдіктерін өсіру агротехнологиясын сақтау;

10) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы растаған тұқым өсіру шаруашылығы аумағында карантиндік объектілердің болмауы, бұл ретте карантиндік объектілер тұқым өсіру шаруашылығының аумағында сондай-ақ аттестаттау сәтіне дейін кемінде үш жыл кезеңінде болмауы;

11) кемінде бір агроном-тұқымшының болуы;

